

??

ҚАЙТЫС БОЛҒАН АДАМНЫҢ ЗЕЙНЕТАҚЫСЫ КІМГЕ ТИЕСЛІ?



ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫН АЛУ, ПАЙДАЛАНУ, ӘСІРЕСЕ АДАМ ӨМІРДЕН ӨТПІ, ОЛ ТАЛАП ЕТІЛМЕГЕН ЖАҒДАЙДА НЕ БОЛАТЫНЫ, ОНЫҢ ТУЫСТАРЫ БҮЛ ЖИНАҚТАРҒА ҚАЛАЙ ҚОЛ ЖЕТКІЗЕ АЛАТЫНЫ ТУРАЛЫ ГАЗЕТИМІЗДІҢ БҮТІНІП САНЫНДА «БЖЗҚ» АҚ ФОРТ-ШЕВЧЕНКО ҚАЛАСЫНДАҒЫ ҚАШЫҚТАН ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ КЕҢЕСІНІҢ ЖЕТЕКШІ МАМАНЫ ҚОЖАБЕКОВА ҚАРАКӨЗ ТІЛЕУМҰРАТҚЫЗЫМЕН СҰХБАТТАСҚАН ЕДІК.

-БЖЗҚ талап етілмеген зейнетақы жинақтары бойынша қандай жұмыс жүргізеді?

– «БЖЗҚ» АҚ (бұдан әрі – БЖЗҚ, Қор) зейнеткерлік жасқа жақындаған не сол жасқа жеткен алушыларға, сондай-ақ Қорда зейнетақы жинақтары бар, бірақ зейнет жасына жетпей қайтыс болған салымшылар мен алушылардың мұрагерлеріне зейнетақы төлемдерін ресімдеу үшін уақытылы жүгіну қажеттілігі туралы ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын тұрақты жүргізіп отырады.

Жыл сайын БЖЗҚ «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясымен бірлесіп, БЖЗҚ-да міндетті зейнетақы жарналары және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен жинақтары бар, бірақ олар бойынша төлемдер алу үшін БЖЗҚ-ға жүгінбеген зейнет жасындағы адамдарға қатысты тексеру жұмыстарын жүргізеді. Бұл тексеру уәкілетті органның ақпараттық жүйесіндегі деректермен салыстырыла отырып, оларға мемлекеттік бюджет есебінен тағайындалған зейнетақы төлемдерінің бар-жоғына байланысты жүзеге асырылады.

-Талап етілмеген зейнетақы жинақтары бойынша БЖЗҚ қандай шаралар қабылдайды?

– Салыстыру нәтижелері негізінде БЖЗҚ төлемдерді проактивті форматта – яғни, мемлекеттік корпорация арқылы автоматты түрде жүзеге асырады. Яғни, зейнетақы төлемін мемлекеттік бюджеттен алып отырған зейнеткерлердің БЖЗҚ-да жинақтары болса, олардан да төлемдер тағайындалады.

-БЖЗҚ талап етілмеген зейнетақы

жинақтарының есебін жүргізе ме?

– 2025 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша, жалпыға бірдей белгіленген зейнет жасына жеткен, бірақ төлемге өтініш бермеген тұлғалардың талап етілмеген зейнетақы жинақтарының жалпы сомасы шамамен 37,3 млрд теңге. Бұл сома 264 695 жеке зейнетақы шотында сақталған. Оның ішінде БЖЗҚ мемлекеттік органдардан алынған мәліметтерге сәйкес:

– 148 335 адам қайтыс болған, олардың зейнетақы жинақтарын мұрагерлері ала алады;

– 59 800 адам Қазақстаннан тыс елдерге тұрақты тұруға кеткен;

– 56 560 адам зейнетақы ресімдеу үшін «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясына (ХҚКО) жүгінбеген.

-Талап етілмеген зейнетақы жинақтарының жай-күйі қалай оны қалай алуға болады.

– Зейнетақы жинақтарының есебін БЖЗҚ жүргізеді. Бұл жинақтар инвестицияланып, салымшылардың жеке шоттарында, алушылар немесе олардың мұрагерлері (салымшы қайтыс болған жағдайда) талап еткенге дейін сақталады. Қосымша табыс алу мақсатында бұл қаражатты ҚР Ұлттық Банкі мен инвестициялық портфельді басқарушылар (ИПБ) инвестициялайды. Егер зейнеткер төлем ресімдеуге өтініш бермеген болса, зейнеткерлік жасқа жетуіне байланысты зейнетақы жинақтары бойынша төлемдерді БЖЗҚ-дан алу үшін, сондай-ақ мемлекеттік бюджеттен базалық және ынтымақты зейнетақыны тағайындау үшін

тұрғылықты жері бойынша «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясына (ХҚКО) жүгіну қажет.

-Шетелге тұрақты тұруға кеткен жағдайда не?

– Қазақстаннан тыс жерлерге тұрақты тұруға кетуіне байланысты БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін алу құқығын БЖЗҚ-да жинақтары бар және тиісті құжаттарды ұсынған шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар пайдалана алады.

-Зейнетақы жинақтары бар адам қайтыс болған жағдайда не болады?

– БЖЗҚ-да жинақтары бар адам қайтыс болған жағдайда, оның отбасына республикалық бюджет туралы заңда белгіленген 94 айлық есептік көрсеткіш (АЕК) мөлшеріне дейін, бірақ қайтыс болған адамның шотындағы қаражат шегінде, жерлеуге арналған біржолғы төлем жүргізіледі.

Сондай-ақ зейнетақы жинақтары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мұра ретінде беріледі. Қайтыс болғаннан кейін 6 ай ішінде мұрагерлер нотариусқа жүгініп, мұрагерлік мүлікті (зейнетақы жинақтары түріндегі) ресімдеп, мұрагерлік құқық туралы куәлік алуы қажет. Егер бұл мерзім өтіп кетсе, мұрагерлік құқықты қалпына келтіру үшін сотқа жүгіну керек.

Зейнетақы төлемдерінің түрлері мен оларды алу үшін қажет құжаттардың толық тізімі enpf.kz сайтындағы «Қызметтер – Зейнетақы төлемдері» бөлімінде жарияланған.

Милана ЕЛЕУСИНОВА

??

FSM ПЛАТФОРМАСЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ



ТУПҚАРАҒАН АУДАНДЫҚ ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ FSM ӘЛЕУМЕТТІК ПЛАТФОРМАСЫН ПАЙДАЛАНУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫҚ-ТҮСІНДІРУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРГІЗІЛДІ. БҮЛ ШАРА «ОТБАСЫН ҚОЛДАУ ОРТАЛЫҒЫ» КММ-НІҢ ӘДІСНАМА ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ АҒАРУ БӨЛІМІ БАСШЫСЫ ГҮЛҒАСИРА ТӘЖБЕНОВА МЕН ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫС МАМАНЫ НҮРБЕК ЖАҚСЫЛЫҚОВТЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН ӨТТІ.

Кездесу барысында қатысушыларға FSM платформасының мүмкіндіктері, жұмыс үдерісін жеңілдетудегі маңызы және әлеуметтік қызмет сапасын арттыруға қосар үлесі егжей-тегжейлі түсіндірілді. Қатысушылардың сұрақтарына жауап беріліп, практикалық мысалдар арқылы платформа

жұмысы көрсетілді.

Іс-шараның басты мақсаты – әлеуметтік қызмет көрсету сапасын жақсарту үшін цифрлық технологияларды кеңінен енгізу және мамандардың кәсіби деңгейін көтеру болып табылады.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

Меншік иесі:

МАҢҒЫСТАУ
MEDIAДиректордың м.а.
Лаура ТЫНДЫРҒАНОВАҚабылдау бөлімі,
тел./факс: 20-48-34,
mangystau.media@mail.ruАқкетік
арайы

аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және
ақпарат министрлігінде 06.02.2013 ж. тіркеліп,
№13362-Г куәлігі берілген.Редактор –
Милана ЕЛЕУСИНОВАГазет «Маңғыстау - Медиа» ЖШС
ақпарат және дизайн орталығында беттелдіЖетекші –
Гүлнара ТАСБОЛАТОВАБеттеуші дизайнер –
А.РАБАЕВА«Атырау-Ақпарат» ЖШС ба-
спаханасында
басылды. 060005,
Атырау қаласы,
Ж.Молдағалиев көшесі, 29А.
Тел: 8 7122 458-660,
586-392.

■ Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып есептелмейді.
■ Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
■ Жарнама, хабарландырулар мазмұнына редакция жауап бермейді. Редакцияға жолданған материалдарға рецензия жасалмайды және қолжазба авторға қайтарылмайды.
■ Тақырыптық суреттер галамтордан алынады

Таралымы: 328. Индекс: 65809.
Тапсырыс нөмірі: 0821
Газеттің бағасы келісімді

АУА РАЙЫ БОЛЖАМЫ

30 ҚЫРКҮЙЕК
түнде: +13 | күндіз: +161 ҚАЗАН
түнде: +10 | күндіз: +152 ҚАЗАН
түнде: +9 | күндіз: +183 ҚАЗАН
түнде: +10 | күндіз: +194 ҚАЗАН
түнде: +11 | күндіз: +21